



**"Сарыарқа" әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациясы" акционерлік қоғамы
Директорлар кеңесінің құрамы туралы**

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 15 қаңтардағы N 23 Қаулысы.
Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2009 жылғы 29 сәуірдегі N 598 Қаулысымен

***Ескерту. Қаулының күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2009.04.29. N 598
Қаулысымен.***

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ** :

1. Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігі Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитетімен бірлесіп, заңнамада белгіленген тәртіппен:

қосымшаға сәйкес құрамдағы "Сарыарқа" әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациясы" акционерлік қоғамы Директорлар кеңесін;

Альберт Павлович Рауды "Сарыарқа" әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациясы" акционерлік қоғамының басқарма төрағасы етіп сайлауды қамтамасыз етсін.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2007 жылғы 15 қаңтардағы
N 23 қаулысына

қосымша

***Ескерту. Құрамға өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасы
Үкіметінің 2008.01.28 N 71 , 2008.04.02 N 315 Қаулыларымен.***

**"Сарыарқа" әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациясы" акционерлік
қоғамы Директорлар кеңесінің құрамы**

Әлиманов - Қазақстандық тәуелсіз директорлар
Жанат Жалғасбайұлы қауымдастығының атқарушы директоры,
тәуелсіз директор

Дворецкий - "Атамекен" одағы" Қазақстан ұлттық
Владимир Яковлевич экономикалық палатасы халықаралық
мәселелері жөніндегі директоры,
тәуелсіз директор

Камалиев - Қарағанды облысы әкімінің
Берік Сайлауұлы бірінші орынбасары
Школьник - Қазақстан Республикасының Индустрия және
Владимир Сергеевич сауда министрі
Нәлібаев - "Legal Express Analitic" жауапкершілігі
Абдықалық Зәкірұлы шектеулі серіктестігінің бас директоры,
тәуелсіз директор
Кадюков - Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі
Николай Викторович Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру
комитеті төрағасының орынбасары
Наймушина - Ақмола облысы әкімінің орынбасары
Ольга Вадимовна
Зверьков - "Сарыарқа" әлеуметтік-кәсіпкерлік
Вадим Павлович корпорациясы" ұлттық компаниясы"
акционерлік қоғамы басқармасының
төрағасы
Смағұлов - Астана қаласы әкімінің орынбасары
Болат Советұлы